«Алматы қаласындағы Қытай
сауда - өнеркәсіп Банкі»
акционерлік қоғамының
Жалғыз акционерінің
2019 жылғы «31» мамырдағы
шешімге № 2 Қосымша

«Алматы қаласындағы Қытай
сауда - өнеркәсіп Банкі»
акционерлік қоғамының
Жалғыз акционерінің
2019 жылғы «31» мамырдағы
шешімімен бекітілді

**«Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі»**
**акционерлік қоғамының**
**ЖАРҒЫСЫНА**
**№ 2 өзгертулер мен толықтырулар**

**Алматы қаласы, 2019 жыл**

«Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 26 мамырдағы шешімімен бекітілген өзгертулері бар 2016 жылғы 10 қазандағы Жалғыз акционердің шешімімен бекітілген Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

**1. Жарғының "Банктің жарғылық және меншікті капиталы" 9-бабының 4-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:**
"4. Банк акцияларды құжаттамасыз түрде шығарады.".

**2. Жарғының "Құрылтайшы және акционерлер. Банктің акционерлерінің құқықтары мен міндеттері" 12-бабындағы 2,2,3,4 тармақтар келесі редакцияда баяндалсын:**
"2. Акционер құқылы:
1) Қазақстан Республикасының Заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, Банктің Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді қосуды ұсынуға;
3) дивидендтер алуға;
4) Банк акционерлерінің жалпы жиналысында немесе жарғысында анықталған тәртіпте Банк қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;
5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;
6) Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлауға кандидатураны ұсынуға;
7) Банк қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
8) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына Банкке оның лауазымды тұлғаларының келтірілген залалдың орнын толтыруы және Банкке оның лауазымды тұлғаларының және (немесе) үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуға мүдделі мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) қайтару туралы талаппен жүгінуге;
9) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұратулармен хабарласуға және Банкке сұрату келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде себептемелі жауаптарды алуға;
10) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк акцияларын немесе оның акцияларында айырбасталатын бағалы қағаздарды «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте артықшылықпен сатып алуға;
12) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте акционерлердің жалпы жиналысының Банк акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімді қабылдауына қатысуға;
13) Біруақытта келесі жағдайлар бар болса, Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының жеке мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты алуға:
- сот Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының аталған мүшесі немесе оның үлестес тұлғалары пайданы (кірісті) алу мақсатында Банк акционерлерін жаңылысуға әдейі алып келгенін белгілегенде;
- Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының аталған мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Банк залалының туындауына алып келгені дәлелденетін болса.

3. Ірі акционер сондай-ақ құқылы:
1) акционерлердің жалпы жиналысын шақыртудан бас тартқан жағдайда, директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шақыртылуын талап етуге немесе оны шақырту туралы сотқа жүгінуге;
2) директорлар кеңесі отырысының шақыртылуын талап етуге;
3) аудиторлық ұйымның Банк аудитін өз есебінен жүргізуін талап етуге.
4. Осы баптың 2 және 3 тармақтарында белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге рұқсат етілмейді.
5. Банк акционері міндетті:
1) акцияларды төлеуге;
2) орталық депозитарийді және/немесе аталған акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажет мәліметтердің өзгертілгені туралы 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етуге;
3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.”.

**2,2,3,4 тармақтарының нөмірлері сәйкесінше, 2,3,4,5 тармақтарға ауыстырылды.**

**3. Жарғының “Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімі” 15-бабы келесі редакцияда баяндалсын:**
“15-бап. Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі
1. Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді тек орталық депозитарий жүзеге асыра алады.
2. Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу, сондай-ақ уәкілетті органға сол бойынша ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында анықталады.
3. Акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу мақсатында уәкілетті органға құжаттар берілгенге дейін Банк орталық депозитариймен Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы шартты жасауға міндетті.
4. Акцияларды толық төлегенге дейін Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесіндегі акция сатып алушының шотына Банк аталған акцияны аудару туралы бұйрықты беруге құқылы емес.”.

**4. Жарғының 16-бабы “Банктің акцияларын орналастыру нәтижелері туралы есеп” келесі редакцияда баяндалсын:**
“16-бап. Банк акцияларын орналастыру қорытындысы туралы есеп
1. Банк акциялары орналастырылатын есептік кезең аяқталған күннен кейін немесе олар толық орналастырылатын күннен кейін қырық бес күнтізбелік күн ішінде Банк акциялары толық орналастырылғанға дейін акциялардың орналастырылатын әрбір есептік кезеңі қорытындысы бойынша Банк өз акцияларын орналастыру қорытындысы туралы есептерді уәкілетті органға ұсынуға міндетті.
Он екі келесі күнтізбелік ай акциялардың орналастырылатын есептік кезеңі болып табылады.
2. Егер есептік кезеңде Банк акцияларының орналастырылуы жүзеге асырылмаған жағдайда, есептік кезең қорытындысы бойынша Банк акцияларын орналастыру қорытындысы туралы есеп уәкілетті органға ұсынылмайды.
3. Банктің орналастырылған бір түрдегі акциялары аталған Банктің басқа түрдегі акцияларына алмастырылған жағдайда, мұндай алмастырылған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде Банк уәкілетті органға Банктің орналастырылған бір түрдегі

акцияларын аталған Банктің басқа түрдегі акцияларына алмастыру туралы есепті ұсынуға міндетті.”.

**5. Жарғының “Банктің таза табысы” 18-бабы келесі редакцияда баяндалсын:**
“18-бап. Банктің таза кірісі
1. Банктің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін оның шаруашылық қызметінен алынатын таза кірісі акционерлердің жалпы жиналысының (бірден-бір акционері) шешімі бойынша Банк меншігінде даму мақсатында және өзге де мақсаттарға қалады, Банк қорын қалыптастыру (толтыру) және (немесе) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеу үшін пайдаланылады.
2. Жүргізілетін операциялардың сипатына және ауқымына сәйкес бақылаудың тиісінше деңгейін және өз қызметінің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында, Банк халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес провизия (резервтер) құрады.”.

**6. Жарғының “Дивидендтер” 19-бабының 2-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:**
“2. Дивидендтерді Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша төлеуге рұқсат етілмейді:
1) меншікті капиталының мөлшері теріс болғанда немесе дивидендтерді оның акциялары бойынша төлеу нәтижесінде Банктің меншіктік капиталының мөлшері теріс болатын болса;
2) Оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, егер Банк төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе дивидендтерді Банк акциялары бойынша есептеу нәтижесінде Банкте аталған белгілер пайда болса;
3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және “Бағалы қағаздар рыногы туралы” Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда.”.

**7. Жарғының “Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті” 22-бабы 1-тармағындағы:**
**16) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:**
“16) акционерлердің жалпы жиналысын шақырту туралы Банктің акционерлерді хабардар ету үлгілерін анықтау;”
**19) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:**
“19) егер акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі Банк жарғысында анықталмаған болса, мұндай тәртіпті анықтау”;
**21) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:**
“21) нәтижесінде Банк активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп пайыз сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынған немесе иеліктен шығарылған болуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күнге, нәтижесінде құны Банк активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Банк сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алған немесе иеліктен шығарған болуы мүмкін) ірі мәмілені жасауы туралы шешімді қабылдау;”.

**8. Жарғының “Банктің Директорлар кеңесі” 23-бабында:**
**3-тармақтағы:**
**3) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:**
“3) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның

ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау»;";

**19) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:**

"19) жасасу туралы шешім «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;";

**4-тармақтың бесінші абзацы келесі редакцияда баяндалсын:**

**"**Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.";

**6-тармағында:**

**бірінші абзац екінші абзапен толықтырылып, келесі редакцияда баяндалсын:**

**"7.** Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмеген болса, Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысатын мүшелерінің көпшілік жай даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның даусы шешуі болып табылады.

Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделі Директорлар кеңесінің мүшесі бұл туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті. Бұл ретте аталған мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, ол туралы Директолрар кеңесінің отырыс хаттамасында тиісті жазба жасалмайды.";

**бесінші абзац келесі редакцияда баяндалсын:**

"Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің Банктің уәкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

**8-тармақта:**

**үшінші абзац жаңа сөйлеммен толықтырылып, келесі редакцияда баяндалсын:**

"Директорлар кеңесінің комитетін директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар функцияларына осы баптың 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып табылады. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет тек қана директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруға тиіс.".

**6,6,7 тармақтарының нөмірлері сәйкесінше, 6,7,8 тармақтармен алмастырылды.**

**9. Жарғының "Банктің ақпаратты ақпаратты жария етуі" 30-бабы келесі редакцияда баяндалсын:**

" 30-бап. Ақпаратты ашып көрсету тәртібі

1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ақпаратты алу мақсатына қарамастан оған мүдделі тұлғаларға оның қолжетімділігін қамтамасыз ету ақпаратты ашып көрсету дегенді білдіреді.

"2. Эмиссия жүргізілген бағалы қағаздар айналыста болатын кезеңде Банк осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіп пен мерзімде

қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында келесілерді ашып көрсетуді жүзеге асыруға міндетті:
1) Банктің корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты;
2) Банк Басқармасы мүшелерінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының жиынтықты мөлшері туралы ақпаратты;
3) Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді;
4) Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан да көп пайызына ие акционерлердің құрамын;
5) Банк әрбір осындай ұйымның он және одан да көп пайызына (үлесі, пай) ие ұйымдардың тізімін;
6) Банктің жылдық қаржылық есептілігін және Банктің аудиторлық есептерін;
7) Банктің эмиссия жүргізілген бағалы қағаздарының шығарылымына енгізілген өзгертулері мен (немесе) толықтырулары ескерілген проспектісін;
8) акцияларды орналастыру қорытындысы туралы есепті.
Банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында уәкілетті органның эмиссия жүргізілген бағалы қағаздардың күшін жойғаны туралы және (немесе) Банктің эмиссия жүргізілген бағалы қағаздарын өтеу туралы ақпаратты ашып көрсетуді жүзеге асыруға міндетті.
3. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат келесілер туралы мәліметтерді білдіреді:
1) акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы немесе бірден-бір акционер (қатысушы) қабылдаған шешімдер;
2) Директорлар кеңесін, Директорлар кеңесінің, Банк Басқармасының құрамы көрсетілген Банк Басқармасын сайлау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, Банк Басқармасының құрамындағы өзгерістер;
3) Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан да көп пайызына ие акционерлердің құрамындағы өзгерістер;
4) Банктің бағалы қағаздарының және (немесе) өзге де ақшалай міндеттемелерінің акционерлік қоғамның жай акцияларына айырбасталуы;
5) Банктің орналастырылған бір түрдегі акцияларының аталған Банктің басқа түрдегі акцияларына алмастырылғаны;
6) Банк әрбір осындай ұйымның он және одан да көп пайызына (үлесі, пай) ие ұйымдардың тізіміндегі өзгерістер;
7) Банктің ірі мәмілелерді және біруақытта келесі талаптарға жауап беретін мәмілелерді жасағаны: жасауға Банк мүдделі және Банктің уәкілетті органы мұндай мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдайтын күнге құны Банк активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінен он және одан да көп пайызды құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылады.
Нәтижесінде Банк активтерінің мөлшерінен және одан да көп пайызды құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратқа мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылған активтер, мәміле мерзімдері және талаптары туралы мәліметтер, сондай-ақ бар болса, мәміле туралы өзге де мәліметтер кіруі тиіс;
8) Банкті мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі;
10) Банк активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінен он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға оның мүлкін кепілге (қайта кепілге) табыстау, сондай-ақ Банк активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінен он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға оның мүлкін кепілден (қайта кепілден) алып тастау;
11) құны Банк активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінен он және одан да көп пайызын құрайтын Банк мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйымнан алып тастау);

12) Банк активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінен он және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Банктің қарыз алуы, сондай-ақ негізгі борышты және аталған қарыз бойынша есептелген сыйақыны толық өтеу туралы;
13) нәтижесінде баланстық құны активтердің жалпы мөлшерінен он және одан да көп пайызын құрайтын Банк мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алғаны;
14) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;
15) бірінші санаттағы шешімдерді алу (доғару, тоқтату);
16) Банктің негізгі қызмет түрлерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын өзгертуі;
17) жарғыға және Банктің эмиссия жүргізілген бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне сәйкес, Банк акционерлерінің және (немесе) инвесторлардың мүддесін қозғайтын өзге де оқиғалар.
3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың жарияланатын өзге мерзімдері (бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына жеткізу) көзделмеген болса, бұл ақпарат туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Банк оны ашып көрсетеді.
Банк “Бағалы қағазардар рыногы туралы” Қазақстан Республикасының Заңы 102-бабының талаптарына сәйке қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпараттың қазақ және орыс тілдерінде ашып көрсетілуін қамтамасыз етеді.
4. Банктің ақпаратты ашып көрсетуі тәртібі, эмитенттің ашып көрсетуі тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Банктің ақпаратты ашып көрсетуі мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
Банктің ақпаратты ашып көрсетуі тәртібі, ашып көрсетілуі тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ қор биржасының интернет-ресурсында ақпараттың ашып көрсетілу мерзімдері қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.
5. Үлестес тұлғалар немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер бойынша Банк осы тұлғалардың есебін жүргізеді (уәкілетті орган белгілеген тәртіпте ірі акционер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты).
6. Банк акционерлері және лауазымды тұлғалары, сондай-ақ Банктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде Банкке өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Банктің Басқарма төрағасының немесе Директорлар кеңесі хатшысының атына жазбаша немесе электронды түрде ұсынуға міндетті.
7. Банктің мәмілелер жасауына мүдделі тұлғалар Банктің Директорлар кеңесінің назарына келесідей ақпаратты жеткізуге міндетті:
1) мәміле тарапы болып табылатыны немесе оған өкілі немесе делдал ретінде қатысатыны туралы үш жұмыс күні ішінде;
2) өздері үлестес болған заңды тұлғалар туралы, соның ішінде, өз бетінше немесе жиынтықта өздерінің үлестес тұлғаларымен бірге дауыс беруші акциялардың (үлес, пай) он және одан да көп пайызына ие заңды тұлғалар туралы және органдарында лауазым атқаратын заңды тұғалар туралы;
3) мүдделі тұлғалар болып танылуы мүмкін, өздеріне белгілі әзірленетін немесе болжамды мәмілелер туралы.”.

**Уәкілетті тұлға**
**Басқарма Төрағасы** — Лан Вэйцзе

Приложение № 2 к решению Единственного акционера акционерного общества “Торгово - промышленный Банк Китая в городе Алматы” от «31» мая 2019 г.

Утверждены решением Единственного акционера акционерного общества “Торгово - промышленный Банк Китая в городе Алматы” от «31» мая 2019 г.

# Изменения и дополнения № 2 в УСТАВ акционерного общества «Торгово-промышленный Банк Китая в городе Алматы»

**город Алматы, 2019 год**

В Устав Акционерного общества «Торгово-промышленный Китая в городе Алматы», утвержденного решением Единственного акционера от 10 октября 2016 года, с изменениями, утвержденными решением Единственного акционера от 26 мая 2017 года (далее - Устав), внести следующие изменения и дополнения:

**1. Пункт 4 Статьи 9. "Уставный и собственный капитал Банка" Устава изложить в следующей редакции:**
"4. Банк выпускает акции в бездокументарной форме.".

**2. В Статье 12. "Учредитель и акционеры. Права и обязанности акционеров Банка" Устава:**
**пункты 2, 2,3,4 изложить в следующей редакции:**
"2. Акционер имеет право:
1) участвовать в управлении Банком в порядке, предусмотренном Законодательством Республики Казахстан и (или) настоящим Уставом;
2) предлагать Совету директоров Банка включить дополнительные вопросы в повестку дня общего собрания акционеров в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах»;
3) получать дивиденды;
4) получать информацию о деятельности Банка, в том числе знакомиться с финансовой отчетностью Банка, в порядке, определенном общим собранием акционеров или уставом Банка;
5) получать выписки от центрального депозитария или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги;
6) предлагать общему собранию акционеров Банка кандидатуру для избрания в Совет директоров Банка;
7) оспаривать в судебном порядке принятые органами Банка решения;
8) обращаться в судебные органы от своего имени в случаях, предусмотренных статьями 63 и 74 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», с требованием о возмещении Банку должностными лицами Банка убытков, причиненных Банку, и возврате Банку должностными лицами Банка и (или) их аффилиированными лицами прибыли (дохода), полученной ими в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность;
9) обращаться в Банк с письменными запросами о его деятельности и получать мотивированные ответы в течение тридцати дней с даты поступления запроса в Банк;
10) на часть имущества при ликвидации Банка;
11) преимущественной покупки акций или других ценных бумаг Банка, конвертируемых в его акции, в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан;
12) участвовать в принятии общим собранием акционеров решения об изменении количества акций Банка или изменении их вида в порядке, предусмотренном Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах».
13) получить информацию о размере вознаграждения по итогам года отдельного члена Совета директоров и (или) Правления Банка при одновременном наличии следующих условий:
- установление судом факта умышленного введения в заблуждение акционеров Банка данным членом Совета директоров и (или) Правления Банка с целью получения им (ими) либо его аффилированными лицами прибыли (дохода);
- если будет доказано, что недобросовестные действия и (или) бездействие данного члена Совета директоров и (или) Правления Банка повлекли возникновение убытков Банка.

3. Крупный акционер также имеет право:
1) требовать созыва внеочередного общего собрания акционеров или обращаться в суд с иском о его созыве в случае отказа совета директоров в созыве общего собрания акционеров;
2) требовать созыва заседания совета директоров;
3) требовать проведения аудиторской организацией аудита Банка за свой счет;
4. Не допускается ограничения прав акционеров, установленных пунктами 2 и 3 настоящей статьи.
5. Акционер Банка обязан:
1) оплатить акции;
2) в течение 10 (десяти) рабочих дней извещать центральный депозитарий и/или номинального держателя акций, принадлежащих данному акционеру, об изменении сведений, необходимых для ведения системы реестров держателей акций Банка;
3) не разглашать информацию о Банке или его деятельности, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;
4) исполнять иные обязанности в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и иными законодательными актами Республики Казахстан.”.

**Нумерация пунктов 2,2,3,4 заменена на пункты 2,3,4,5 соответственно.**

**3. Статью 15. “Реестр держателей акций Банка” Устава изложить в следующей редакции:**
“Статья 15. Реестр держателей акций Банка
1. Ведение системы реестров держателей акций Банка может осуществлять только центральный депозитарий.
2. Порядок ведения системы реестров держателей акций Банка, а также предоставления уполномоченному органу информации по нему определяется действующим законодательством Республики Казахстан.
3. Банк обязан заключить с центральным депозитарием договор об оказании услуг по ведению системы реестров держателей акций Банка до предоставления уполномоченному органу документов в целях государственной регистрации выпуска акций Банка.
4. До полной оплаты акций Банк не вправе давать приказ о зачислении данной акции на счет ее приобретателя в системе реестров держателей акций Банка.”.

**4. Статью 16. “Отчет об итогах размещения акций Банка” Устава изложить в следующей редакции:**
“Статья 16. Отчет об итогах размещения акций Банка
1. Банк обязан представлять в уполномоченный орган отчеты об итогах размещения акций Банка по итогам каждого отчетного периода размещения акций до полного размещения акций Банка в течение сорока пяти календарных дней после даты окончания отчетного периода размещения акций Банка или после даты их полного размещения.
Отчетным периодом размещения акций является двенадцать последовательных календарных месяцев.
2. В случае, если в отчетном периоде размещение акций Банка не осуществлялось, отчет об итогах размещения акций Банка по итогам отчетного периода в уполномоченный орган не представляется.
3. В случае обмена размещенных акций Банка одного вида на акции данного Банка другого вида Банк обязан представить в уполномоченный орган отчет об обмене размещенных акций Банка одного вида на акции данного Банка другого вида в течение тридцати календарных дней после даты такого обмена.”.

**5. Статью 18. “Чистый доход Банка” Устава изложить в следующей редакции:**

“Статья 18. Чистый доход Банка

1. Чистый доход Банка, получаемый в результате его хозяйственной деятельности после уплаты налогов и других обязательных платежей в бюджет по решению общего собрания акционеров (единственного акционера) остается в собственности Банка на цели развития и иные цели, используется для формирования (пополнения) фондов Банка, и (или) выплаты дивидендов по акциям Банка в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

2. В целях обеспечения надлежащего уровня контроля и надежности своей деятельности в соответствии с характером и масштабом проводимых операций Банк создает провизии (резервы) в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности.”.

**6. Пункт 2 Статьи 19. “Дивиденды” Устава изложить в следующей редакции:**

“2. Не допускается выплата дивидендов по простым и привилегированным акциям Банка:

1) при отрицательном размере собственного капитала или если размер собственного капитала Банка станет отрицательным в результате выплаты дивидендов по его акциям;

2) если Банк отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве либо указанные признаки появятся у Банка в результате начисления дивидендов по его акциям;

3) в случаях, предусмотренных Законами Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» и “О рынке ценных бумаг”.”.

**7. В пункте 1 Статьи 22. “Компетенция общего собрания акционеров” Устава: подпункт 16) изложить в следующей редакции:**

“16) определение формы извещения Банком акционеров о созыве общего собрания акционеров;”

**подпункт 19) изложить в следующей редакции:**

“19) определение порядка предоставления акционерам информации о деятельности Банка, если такой порядок не определен уставом Банка”;

**подпункт 21) изложить в следующей редакции:**

“21) принятие решения о заключении Банком крупной сделки, в результате которой (которых) Банком приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Банка на дату принятия решения о сделке, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости его активов;”.

**8. В Статье 23. “Совет директоров Банка” Устава:**

**в пункте 3:**

**подпункт 3) изложить в следующей редакции:**

“3) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций, в пределах количества объявленных акций, способе и цене их размещения (реализации), за исключением случаев, предусмотренных частями второй и третьей пункта 1 статьи 18 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах»;”;

**подпункт 19) изложить в следующей редакции:**

“19) принятие решения о заключении крупных сделок и сделок, в совершении которых обществом имеется заинтересованность, за исключением крупных сделок, решение о заключении которых принимается общим собранием акционеров Банка в соответствии с подпунктом 17-1) пункта 1 статьи 36 и пунктом 3-1 статьи 73 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах»;”;

**абзац пятый пункта 4 изложить в следующей редакции:**
"Досрочное прекращение полномочий члена Совета Директоров по его инициативе осуществляется на основании письменного уведомления Совета Директоров. Полномочия такого члена Совета Директоров прекращаются с момента получения указанного уведомления Советом Директоров, если в уведомлении не указана дата досрочного прекращения полномочий члена Совета директоров.";
**в пункте 6:**
**абзац первый дополнить абзацем вторым и изложить в следующей редакции:**
"**7.** Каждый член Совета Директоров имеет один голос. Решения Совета Директоров принимаются простым большинством голосов членов Совета Директоров присутствующих на заседании, если иное не предусмотрено законодательством РК. При равенстве голосов, голос Председателя Совета Директоров или лица, председательствующего на заседании Совета Директоров, является решающим.

Член Совета директоров, имеющий заинтересованность по вопросу, вынесенному на рассмотрение Совета директоров, обязан довести информацию об этом до сведения Совета директоров. При этом он не участвует в обсуждении и голосовании по данному вопросу, о чем делается соответствующая запись в протоколе заседания Совета директоров.";
**абзац пятый изложить в следующей редакции:**
"Секретарь Совета Директоров по требованию члена Совета Директоров обязан предоставить ему протокол заседания Совета Директоров и решения Совета директоров, принятые путем заочного голосования, для ознакомления и (или) выдать ему выписки из протокола и решения, заверенные подписью уполномоченного работника Банка.
**в пункте 8:**
**абзац третий дополнить новым предложением и изложить в следующей редакции:**
"Комитеты Совета директоров состоят из членов Совета директоров и экспертов, обладающих необходимыми профессиональными знаниями для работы в конкретном комитете. Комитет Совета директоров возглавляет член Совета директоров. Руководителями (председателями) комитетов Совета директоров, указанных в подпункте 1)-4) настоящего пункта, являются независимые директора. Председатель Правления не может быть председателем комитета Совета директров. Комитет по вопросам внутреннего аудита должен состоять исключительно из членов Совета директоров.".

**Нумерация пунктов 6,6,7 заменена на пункты 6,7,8 соответственно.**

**9. Статью 30. "Раскрытие информации Банком" Устава изложить в следующей редакции:**
"Статья 30. Порядок раскрытия информации
1. Под раскрытием информации понимается обеспечение ее доступности всем заинтересованным в этом лицам независимо от целей получения данной информации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан.
"2. В период обращения эмиссионных ценных бумаг Банк в порядке и сроки, установленные настоящим Законом и нормативными правовыми актами уполномоченного органа, обязан на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности осуществлять раскрытие:
1) информации о корпоративных событиях Банка;
2) информации о суммарном размере вознаграждения членов Правления Банка по итогам года;
3) сведений об аффилиированных лицах Банка;
4) состава акционеров, владеющих десятью и более процентами голосующих акций Банка;

5) списка организаций, в которых Банк владеет десятью и более процентами акций (долей, паев) каждой такой организации;
6) годовой финансовой отчетности Банка и аудиторских отчетов Банка;
7) проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг Банка с учетом внесенных в него изменений и (или) дополнений;
8) отчета об итогах размещения акций.
Банк обязан осуществлять раскрытие на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности информации об аннулировании уполномоченным органом выпуска эмиссионных ценных бумаг и (или) о погашении эмиссионных ценных бумаг Банка.
3. Под информацией о корпоративных событиях понимаются сведения о (об):
1) решениях, принятых общим собранием акционеров (участников) или единственным акционером (участником);
2) избрании Совета директоров, Правления Банка с указанием состава Совета директоров, Правления Банка, а также изменениях в составе Совета директоров, Правления Банка;
3) изменениях в составе акционеров, владеющих десятью и более процентами голосующих акций Банка;
4) конвертировании ценных бумаг и (или) иных денежных обязательств Банка в простые акции акционерного общества;
5) обмене размещенных акций Банка одного вида на акции данного Банка другого вида;
6) изменениях в списке организаций, в которых Банк обладает десятью и более процентами акций (долей, паев) каждой такой организации;
7) совершении Банком крупных сделок и сделок, которые отвечают одновременно следующим условиям: являются сделками, в совершении которых Банком имеется заинтересованность, и связаны с приобретением или отчуждением имущества, стоимость которого составляет десять и более процентов от размера общей балансовой стоимости активов Банка на дату принятия уполномоченным органом Банка решения о заключении таких сделок.
Информация о сделке, в результате которой приобретается либо отчуждается имущество на сумму десять и более процентов от размера активов Банка, должна включать сведения о сторонах сделки, приобретенных или отчуждаемых активах, сроках и условиях сделки, а также, при наличии, иные сведения о сделке;
8) решении суда о принудительной ликвидации или реорганизации Банка, а также о принудительной ликвидации или реорганизации его дочерних и зависимых организаций;
10) передаче в залог (перезалог) имущества Банка на сумму, составляющую десять и более процентов от размера общей балансовой стоимости его активов, а также снятии с залога (перезалога) имущества Банка на сумму, составляющую десять и более процентов от размера общей балансовой стоимости его активов;
11) наложении ареста на имущество (снятии с ареста имущества) Банка, стоимость которого составляет десять и более процентов от размера общей балансовой стоимости активов Банка;
12) получении Банком займа в размере, составляющем двадцать пять и более процентов от размера общей балансовой стоимости активов Банка, а также о полном погашении основного долга и начисленного вознаграждения по данному займу;
13) наступлении обстоятельств, носящих чрезвычайный характер, в результате которых было уничтожено имущество Банка, балансовая стоимость которого составляла десять и более процентов от общего размера активов;
14) возбуждении в суде дела по корпоративному спору;
15) получении (прекращении, приостановлении) разрешений первой категории;
16) изменении Банком негосударственных ценных бумаг основных видов деятельности;
17) иных событиях, затрагивающих интересы акционеров Банка и (или) инвесторов, в соответствии с уставом и проспектом выпуска эмиссионных ценных бумаг Банка.

3. В случае, если законодательством Республики Казахстан не предусмотрены иные сроки опубликования (доведения до сведения держателей ценных бумаг) информации о корпоративных событиях, данная информация раскрывается Банком в течение трех рабочих дней после даты ее возникновения.
Банк обеспечивает раскрытие на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности и интернет-ресурсе фондовой биржи информации в соответствии с требованиями статьи 102 Закона Республики Казахстан "О рынке ценных бумаг" на казахском и русском языках.
4. Порядок раскрытия Банком информации, требования к содержанию информации, подлежащей раскрытию эмитентом, а также сроки раскрытия Банком информации на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности устанавливаются нормативным правовым актом уполномоченного органа.
Порядок раскрытия Банком информации, требования к содержанию информации, подлежащей раскрытию, а также сроки раскрытия информации на интернет-ресурсе фондовой биржи устанавливаются внутренними документами фондовой биржи.
5. Банк ведет учет своих аффилиированных лиц на основании сведений, представляемых этими лицами или центральным депозитарием (только в отношении лиц, являющихся крупными акционерами в порядке, установленном уполномоченным органом).
6. Акционеры и должностные лица Банка, а также физические и юридические лица, являющиеся аффилиированными лицами Банка, обязаны представлять Банку в течение семи дней со дня возникновения аффилиированности сведения о своих аффилиированных лицах в письменном или электронном виде на имя Председателя Правления либо секретаря Совета директоров Банка.
7. Лица, заинтересованные в совершении Банком сделки, обязаны довести до сведения Совета директоров Банка информацию:
1) о том, что они являются стороной сделки или участвуют в ней в качестве представителя или посредника в течение трех рабочих дней;
2) о юридических лицах, с которыми они аффилиированы, в том числе о юридических лицах, в которых они владеют самостоятельно или в совокупности со своими аффилиированными лицами десятью и более процентами голосующих акций (долей, паев), и о юридических лицах, в органах которых они занимают должности;
3) об известных им совершаемых или предполагаемых сделках, в которых они могут быть признаны заинтересованными лицам.".

**Уполномоченное лицо**
**Председатель Правления** **Лан Вэйцзе**